КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2026 жылғы 20 наурыз Іс № 3115-26-00-2/57 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,
сот отырысының хатшысы Ж. Әсемнің
қатысуымен ашық сот отырысында Whats App мессенджері арқылы азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Гулнара Мусабековна Сыдыкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.С. Дуйсенбеков
жауапкер Г.М. Сыдыкова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 11 қарашада «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» КММ-і мен дара кәсіпкер Г.М. Сыдыкованың арасында «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алудың тәсілімен түрлі-түсті лазерлік принтерді жеткізуге жалпы сомасы 487 900 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі-Шарт).

2025 жылғы 23 желтоқсанда жауапкермен жеткізілген тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келмейді деп танылып, тексеру нәтижесінде тиісті акт толтырылған. Яғни, HP Color LaserJet Enterprise m652n маркалы түрлі-түсті лазерлік принтердің орнына, ұқсас HP Color LaserJet Enterprise m651n маркалы лазерлік принтер жеткізілген. Сонымен бірге, принтердің іші ластанғандығы, картридждің бояулары шашылғандығы, сондай-ақ, жалпы принтердің қолданыста болғандығы, тауардың фирмалық қорабы және нұсқаулық кітапшасы жоқ екендігі анықталды.

Талап қоюшы Шартты тиісті түрде орындамауына байланысты, жауапкерді жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі М.С. Дуйсенбеков талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер Г.М. Сыдыкова талап қоюды мойындады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АК-нің 360-бабына сәйкес егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Жауапкермен Шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ЗРК «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілер кіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сондықтан, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер Гулнара Мусабековна Сыдыковаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Гулнара Мусабековна Сыдыкова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Гулнара Мусабековна Сыдыковадан мемлекет пайдасына 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 01.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Ажакаева Г. К., 06.05.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім түпкілікті нысанда 2026 жылғы 1 сәуірде дайындалған.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 01.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.05.2026, судья Ажакаева Г. К., 06.05.2026

3115-25-3-1/3679